



№47 (5078) сенбі,
22 қараша 2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

Құрметті Ахметбеков Мақсат Сағынтайұлы!

Сізді Ресей мемлекетінде өткен «қазақша күрес» өлем чемпионатында қола жүлдегер атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Табандылық, мақсаткерлік пен қайтпас қайсар еңбегіңіздің арқасында тек қана жеңіске бастар жолды адаспай тауып, еліміздің абырой-беделін күллі өлем алдындағы да бір мәрте асқақтаттыңыз!

Сіздің осы ерлігіңіз аудан жұртшылығын зор қуанышқа бөлеп бір серпілтіп тастады. Бүгінгі күнде сіздің спорттағы жеткен толағай табыстарыңызбен тек қана аудан, облыс тұрғындары ғана емес күллі Қазақстан жұртшылығы мақтанатын болады. Салауатты өмір салтын ұстану мен насихаттаудағы сіңірген еңбегіңізді біз жоғары бағалаймыз. Осы жасап жатқан ерліктеріңіз ескелең ұрпаққа үлгі болып, жас буынға патриоттық тәрбие беруде өз септігін тигізеді деген ойдамыз.

Спорт саласындағы табыстарыңыз мұнымен шектелмей, бұдан да зор табыстарға жетеді деген сенімдеміз!

Еңбекте табысты болып, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілеймін!

Құрметпен, Нұра ауданының әкімі Шайдаров Серік Жаманқұлұлы.

Аудан әкімінде

Тапсырмалар сапалы орындалсын

Аудан әкімі С.Шайдаровтың төрағалығымен аппараттық жиын өтіп, онда төмендегі сұрақтар қаралды. 1. Аудан әкімінің тапсырмаларының орындалуы. 2. Ауданның әлеуметтік - экономикалық даму бағдарламаларының орындалысы жайында мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының бақылау және құжаттық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы С.Мұқанова баяндады. Жыл басынан осы кезеңге дейін аудан әкімінің 257 тапсырмасы берілген. Оның 212-сі орындалған, 13 тапсырманың орындалу мерзімі келген жоқ. Ал орындалмаған тапсырмалар саны – 7. Оның ішінде құрылыс бөлімі (Әубәкіров О) мемориал және стела бойынша атқарылмаған көркемдік жұмыстарды аяқтау және қабылдап алу бойынша ұсыныстар беру. Ауыл шаруашылық бөлімі (Қаңтарбай О) жасанды ұрықтандыру пунктін ашу жөнінде қаржы экономикалық негіздеме жасау. Киевка кенті әкімі Б.Шайжанов тарапынан 3 тапсырма орындалмаған: Қонаев көшесінің бұйымдағы екі қабат үйлердің қабырғаларын бояу, күл қоқыс үйінділері сақталатын орынға шлагбаум қою, көпірді тәртіпке келтіру.

«Қаратал» ҚКМ-сі (Ысқақов Н.) бойынша: қалдықтар жинайтын контейнерлерді сатып алу, оларды көшелерге орнату.

Орындалмаған тапсырмалар бойынша аудан әкімі С.Шайдаров бөлім басшылары Қ.Оспанов, Н.Қалиев, О.Әубәкіров және Б.Шайжановтардың есебін тындады, бірақ

олардың тарапынан берілген жауаптар әлсіз болды. Аудан басшысы тапсырмаларды орындау барысында жүйелі жұмыс жүргізілмей отырғанын, жүргізіліп отырған жұмыстардың сылбырлығын қатаң сынға алды, орындау жауапкершілігі өте төмен деңгейде, ал кейбір тапсырмалардың орындалуы 7-8 айға созылып кеткенін, мысалы кондоминимумдар құру жайлы сөз қозғанымызға 9 айдың жүзі болды, ал мәселе әлі сол орнынан қозғалған жоқ, осы кемшіліктерді тілге тиек ете отырып, қатарыда аталған бөлімдер жұмысын қатаң сынға ілікті.

Бұл мәселені қорытындылай келе аудан әкімі С.Шайдаров, аудан әкімінің орынбасары Б.Қосшығұловқа тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауға алып, олардың сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы М.Мұхаметжанова хабарлама жасады. Бүгінгі таңда барлық көрсеткіштер орындалуда, ендігі мақсат : жылды нәтижелі аяқтау.

Жиынды қорытындылай келе аудан әкімі С.Шайдаров бөлім, мекеме басшылары алдына осы қарқынды бәсеңдетпей, жылды да табысты аяқтау міндеттерін қойды және келер жылдың бюджетіне ерекше назар аударуды оны комиссия отырыстарында жан-жақты талқылап, тез арада қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде нақты ұсыныстар беруді талап етті.

Қамданған қап қалмайды

Ынтымақты елге ешкім батпас

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісі өтуі дәстүрге айналған үдеріс. Былғы басқосудың ерекшелігі де аз болған жоқ. Өйткені, онда әлемді шарлаған қаржы дағдарысының салдары Қазақстанға аз тиіп үшін атқарылған шаралар, алдағы кезде қолға алынатын міндеттер туралы Президенттің сөзінен туындайтын мақсаттар айқындалды.

Қазақстандықтардың қатарында кеңейтілген мәжілісті облыс, аудан жұртшылығы теледидардан көріп, ондағы әрбір сөзге дейін терең түсінуге талпынған. Енді 22 жылдан кейін мемлекеттік басқарушылардың жаңа ұрпағы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының қорытындысын шығарып, елдің өміріндегі әлеуетті және оң өзгеріс нәтижесін елеп-екшер болса, шынымен, солай болды ма, деп таңырқары, әрі бүгінгі аға ұрпақтың қайсарлығына қайран қалары сөзсіз. Өйткені, ғасырда атқарылатын істер өмірге келсе, Арқада өлем танданарлық Астанадай әсем қала пайда болды. Осырайда, қазіргі өлемдік қаржы дағдарысын да еңсеретіміз еш күмән туғызбайтындай.

Ауданымызда да дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылуда, ол жайында аудандық өткен активте аудан әкімі С.Шайдаровтың жас аған баяндамасынан біліп отырмыз. Ал енді әрбір азамат қазіргідей күрделі кезеңде оның салдарын жоюға елжандылықпен атсалысса, кәнеки.

Оған азаматтық белсенділік керек. Елбасы да өз сөзінде осыған шақырды емес пе!

Президент сөзін зейін қойып тындаған жан көп жайға қанығады, ой-санасы жетіледі, әлеуметтік-экономикалық дамудан, оның проблемаларынан хабардар болады. Халыққа келетін жақсылықтар жасалып жатқаны да анық. Әрбір отбасы үшін ауадай қажеттігі – зейнетақы, жәрдемақы, балаларының аман-саулығы, ойдағыдай оқуы. Ал Елбасы осы мүдделердің мәнін айқындап берді. Өмірдің бұдан да жақсара беруі үшін, қиындықтарды еңсеру үшін бәріміз білек біріктіре үлес қосуымыз қажет. Ертенгі күнге деген сенім мен серпінді қимыл керек. Елбасына, оның жүргізіп келе жатқан саясатына қолдау көрсетуіміз қажет.

Тарих тағылымдарына бойласақ, қазақтың бәле-жалаға тап болуы тек алауыздықтан екенін түсінеміз. Еңдеше, осыны әрбір азамат естен шығармай, дұрыс жолмен жүруі, жас ұрпаққа ұлағат болар іс тындыруы тиіс. Сонда отбасымыз аман, дастарқанымыз тоқ, еліміз тыныш, қайғымыз жоқ болады. «Ынтымақты елге ешкім батпас, ынтымақсыз елдің таңы атпас» деген керемет сөз бар. Сондықтан да еліміз деген әрбір азамат Мемлекет басшысының сындарлы саясатын қолдап, өзіндік үлесін қосуға ұмтылуы қажеттігі сәт сайын ойға оралады.

Б.НҰРҒАЛИЕВ
зейнеткер, Теңіз өңірінен.

Қарағанды облысының тұрғындарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы облыстық форумға қатысушылардың ҮНДЕУІ



Біздер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумға қатысушылар, аймақтағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесін қарап, талқылай келіп, осындай құқық бұзушылық әрекеттерге және оған қатысушыларға өздеріміздің қарсы екендігімізді білдіреміз.

Ел Президенті, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы Н.Назарбаевтың коррупцияға қарсы бүкілхалықтық күрес ұйымдастыруын, «Сыбайластыққа он қуатты соққы» атты бастамасын толық қолдаймыз.

Қазақстанның болашағы үшін сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңызды екенін түсіне отырып, барлық облыс тұрғындарын осындай теріс құбылыспен күресуге бірігіп, өздерінің үлесін қосуға шақырамыз. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сезбұйдаға салу және ақы талап ету фактілерін жария етіп, белсенділік танытуды сұраймыз.

Белсенді өмірлік позиция ұстанып, парақорлар мен жемқорларға тойтарыс берейік! «Нұр Отан» ХДП аймақтық филиалдарының, құқық қорғау және өкілетті мемлекеттік органдардың, «Нұр Отан» ХДП орталық аппаратының сыбайластыққа қарсы хабарлар орталығының сенім телефондарын пайдаланып, жемқорларды әшкерелеуде құқық қорғау органдарына көмек көрсетіңіздер.

«Жас Отан» жастар қанатын, жоғары оқу орындарының басшыларын мектеп оқушылары, жастар мен студенттер арасында сыбайластықпен күресу мақсатында тәрбиелік және түсінік жұмыстарын жүргізуге шақырамыз.


Мемлекеттік органдардың басшылары! Қызметкерлер арасында сезбұйдаға жол бермейік, еңбек тәртібін бұзушыларға, сыбайластыққа жағдай жасаушыларға шара қолданып, оларға принципті баға беріп, тәртіп бұзушыларға заңда көрсетілген шараларды қолданыңыздар. Күн сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, мемлекеттік қызмет туралы заңдардың, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің талаптарын лауазымдық міндеттерін орындау кезінде толық іске асыруды талап етіңіздер.

Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері! Сіздерді «Нұр Отан» ХДП-мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда бірлесе әрекет етіп, облыс тұрғындары арасында құқықтық түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізуге шақырамыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумға қатысушылар.

За спикером Послания

На пороге новых перемен



«Со следующего года, впервые в истории нашей страны, базой новой системы государственного бюджетного планирования станет 3-летний бюджет. Надо так же форсировать работу по модернизации и совершенствованию системы планирования, повышению эффективности использования средств бюджета и управления государственными активами».
Из Послания Президента Республики Казахстан.

В октябре текущего года в Нурынском районном управлении казначейства состоялся семинар-совещание с представителями государственных учреждений района, в котором приняли участие начальник Департамента казначейства по Карагандинской области Акишев К.Ш. и начальник отдела контроля платежей Департамента Казначейства по Карагандинской области Толева Ф.С. На повестке дня стоял вопрос о подведении итогов по исполнению республиканского и местных бюджетов за 9 месяцев 2008 года и перспективах развития казначейской системы. По первому вопросу с докладом об итогах исполнения республиканского и местных бюджетов за 9 месяцев 2008 года выступила начальник Нурынского районного управления казначейства Белякова М.А.

С анализом и о результатах исполнения республиканского и местных бюджетов выступила заместитель начальника Нурынского районного управления Мухамеджанова С.Ж.

А затем выступила начальник отдела контроля платежей Департамента казначейства по Карагандинской области Толева Ф.С. Она поделилась своими впечатлениями о постановке работы в районном управлении казначейства на участке контроля, проверив выборочно документы дня за конец сентября и начало октября 2008 года.

Выступление начальника Департамента казначейства по Карагандинской области Акишева К.Ш., было посвящено вопросам перспектив развития казначейской системы в свете проекта нового Бюджетного кодекса РК, который вступит в действие с 1 января 2009 года.

Он так же отметил, что в текущем году Казначейством была внедрена новая версия ORACL Applications R 12. Всего этих версий 17. И когда мы внедрим 17-ую версию, то все операции через казначейство будут проходить в течение 1 рабочего дня. В 2009 году на создание информационной системы казначейства в проекте Республиканского бюджета на 2009 год предусмотрено выделить 2557640 тыс.тенге.

В настоящее время Комитетом казначейства разрабатывается проект «электронного документооборота» с государственными учреждениями «казначейство – клиент», нацеленный на сокращение времени обслуживания, операционных и транспортных затрат.

В 2009 году планируется для ведения бюджетного учета и отчетности внедрить в казначейской системе модуль «Заработная плата» для ведения учета обязательств и платежей по заработной плате, пенсиям, пособиям и другим платежам физическим лицам, не связанных договорными обязательствами. Будет автоматизировано и централизовано начисление заработной платы бюджетникам.

Далее в планы казначейства входит внедрение модуля «Учет активов» государственных учреждений.

Также в проекте нового Бюджетного кодекса предусмотрено, что на казначейство будет возложен не только предварительный, но и текущий контроль за операциями государственных учреждений с тем, чтобы можно было оперативно следить за целевым исполнением государственного бюджета.

Затем участникам семинара, представителям госучреждений была предложена возможность задать интересующие их вопросы, на которые были даны исчерпывающие ответы.

М.А.Белякова,
начальник Нурынского РУ Казначейства

Сколько нас?

С 25 февраля по 6 марта 2009 года в Казахстане планируется проведение Национальной переписи населения. По ее результатам будет получен широкий круг показателей, характеризующий численность населения, их распределения по городской и сельской местности, полу и возрасту, брачному и семейному состоянию, национальному составу, степени владения языками, образовательному уровню, охвату обучением, числу и размеру домохозяйств, источникам средств существования, занятости и жилищным условиям.

В предварительной работе велось уточнение списков населенных пунктов, упорядочение названий улиц, нумерации домов и квартир, составление картографического материала. Акимами сел и поселков Нуринаского района были изготовлены схемы-планы населенных пунктов с указанием улиц и нумерации домов. Была отправлена информация начальнику департамента статистики карагандинской области Л.В. Колесовой о готовности: схемы-плана поселка Киевка на 100 процентов, схемы-плана населенных пунктов на 100 процентов и схема-карта района также на 100 процентов.

С 5 по 20 октября девятнадцатую регистраторами был проведен подворный обход в 42-х населенных пунктах района по составлению списков жилых и нежилых домов. Была составлена форма 1СД. В дальнейшем по этим спискам будет готовиться организационный план по проведению переписи в 2009-м году.

Необходимо напомнить, что перепись будет проводиться методом опроса по принципу самоопределения специально подобранными и обученными счетчиками путем заполнения специальных переписных листов единого образца по заранее установленным правилам, обеспечивающим единообразный характер записей, производимых в целом по стране всеми счетными работниками. При этом сведения будут получать не из документов, а со слов опрашиваемых людей (без предъявления каких-либо документов – паспорта, удостоверения личности, диплома об окончании учебного заведения, свидетельства о браке).

Население будет переписываться по месту своего постоянного жительства, которое определяется как населенный пункт, дом, квартира, комната, где опрашиваемый обычно проживает. Это место может не совпадать с адресом, по которому человек зарегистрирован. Записи будут производить счетчики при устном опросе каждого взрослого члена домохозяйства, независимо от его возраста, гражданства, постоянного или временного проживания, а при невозможности личной встречи с отдельными членами домохозяйства ответ может дать любой другой взрослый член этого домохозяйства.

Обработка баз данных и получение итогов переписи населения будет проводиться в течение 2009-2010 гг.

Наталья Шевченко

Фото хабар

Ауданда өткен жәрмеңке



Бейсенбі күні ауданның орталық көшесінде аудан әкімі С.Шайдаровтың тапсырмасымен биылғы жылы екінші рет аудан орталығында жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеде ауданның Тассуат, Заречное, К.Мынбаев, Ахметауылы, Көртінді ауылдарының және Киевка кенті тұрғындары өз өнімдері мен тауарларын сатты. Алғашқы жәрмеңкеде жетпей қалған орамжапырақ осы жолы тағы да Ахметауылынан әкелініп, аудан тұрғындарын толық қамтыды, дән риза болған тұрғындар қаптарын арқалап үйлеріне қарай жөнелді.

Тек орамжапырақ қана емес, өткен жолы жетпей қалған 8 тонна картоп Тассуаттан әкелінді. Ал «Отқанжар» ЖШС-сі 24 бас аналық қойларын аудан орталығының тұрғындары таласа тармаса алып кетті.

Сонымен қатар ет өнімдерінен 480 кг сиыр еті, 340 кг шошқа еті және құс өттерінен сойылған, тазартылған семіз қаздар (72 кг), үйрек (32), тауық (30 кг), тіпті тірі қояндар да сатылды. Жәрмеңкеде Тассуат ауылының тұрғындары белсенділік танытты. Мыңбаев ауылынан жеке кәсіпкер Бородин бал әкеліп сатты.

Сүт өнімдерінен сүт, қаймақ, сары май, ірімшік, сонымен қатар, Киевка кентінің тұрғындары қолдан тұздалған қияр мен қызанақ және 11 шыны ыдыстағы саңырауқұлақтар сатты. Жалпы көлемі 1 млн 414 мың теңгенің өнімі сатылды. Сөйтіп, жәрмеңке көпшілік көңілінен шықты.

Суретті түсірген: Е.Жүпенев

За безопасность движения

Безопасная дорога 2008!

На территории Нуринаского района в 2008 году зарегистрировано 14 ДТП, при котором погибло 9 человек и получили ранения 8 человек. Проведенный анализ по всем ДТП показал, что это связано, прежде всего, с грубыми нарушениями правил дорожного движения, управлением транспортным средством в нетрезвом состоянии, нарушении скоростных режимов, техническая неисправность АМТС и невыполнение требований дорожных знаков.

В этой связи с 10 по 20 ноября 2008 года проводится общереспубликанское оперативно-профилактическое мероприятие «Безопасная дорога».

Значительный рост дорожно-транспортных происшествий, допущен во многих сельских районах. Одним из слагаемых увеличения аварийности в сельских районах является рост ДТП по вине водителей, а также пешеходов.

Водитель помни, от твоего внимания зависит жизнь человека.

Ослабление дисциплины, контроля и порядка со стороны водителя отрицательно влияет на безопасность дорожного движения. Если бы каждый водитель хотя бы мысленно и хотя бы раз представил себе последствия дорожно-транспортного происшествия или подумал о детском травматизме при авариях, то может быть уменьшилось число правонарушений на дорогах. Очень хочется, надеется на помощь водителей в этом плане.

Рост количества транспорта и скоростных возможностей автомобилей делают обстановку на дорогах напряженной. Надежность работы автомобилей в зимних условиях несомненно во многом зависит от навыков вождения транспорта водителями. Основные условия безопасной езды зимой-умеренная скорость, увеличение дистанции между транспортными средствами, точный учет инерционных сил автомобиля и умение правильно его поставить в случае возникновения препятствия.

Всем водителям управляющим автотранспортными средствами не следует забывать о том, что зимняя дорога - опасная дорога. Точное соблюдение требований правил дорожного движения — зоолог безаварийной эксплуатации транспорта.

Как показывает практика, в таких условиях только специальные меры позволяют в определенной степени влиять на негативные процессы, связанные с аварийностью.

С 1 августа 2008 г. ужесточено административное взыскание за нарушение ПДД, вплоть, до административного ареста за некоторые грубые нарушения правил дорожного движения.

Уважаемые водители и пешеходы соблюдайте правила дорожного движения и этим Вы поможете в деле пропаганды безопасного движения.

Т.Габдуллаев,
начальник ОДП ОВД Нуринаского района, капитан полиции.

Өнер мен ғылым қуған саясаткер



Ауданымызға сәрсенбі күні облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы, тіл жанашыры, әуесқой сазгер Бақытқали Мұхамедқалиұлы Мұсабеков ат басын тіреді. Нұра ауданының топонимикасына байланысты жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары жөнінде семинар өткізу мақсатында өзімен бірге тарихшыларды, облысымыздың Бұқар жырау және Ұлытау аудандарының тілдерді дамыту бөлімдерінің басшыларын алып келді. Сонымен қатар өзінің «Жүрек лебізі» атты кітабының тұсау кесерін өткізді.

Бақытқали аға саясаткер бола жүріп, өнерге де көп көңіл бөледі екен. Оны біз «Жүрек лебізі» кітабында жинақталған әндерден байқадық. Бақытқали аға сөз жазбайды, кез келген ақынның өлеңіне әуен шығарады екен. Әрбір туындысы өзінің өмірімен жанұясымен және де көңіл күйіне байланысты туған екен.

Мәдениет үйінің қызметкерлері ағаның «Ана жан», «Достар», «Отыздан асып барамын» атты әндерін нақышына келтіре отырып, тамылжыта орындады. Ал марш

ретінде шығарған «Қарағанды», «Махаббат мұны» әндерін ағамыздың өзі орындағанын тамашаладық. Бақытқали аға ұлы да дана Абайдың шығармашылығын сүйсіне оқып, үлгі тұтады. Сонымен қатар, ағайдың алдында Абайдың өлеңіне ешкім вальс жазбаған екен. Яғни, Бақытқали Мұхамедқалиұлы Абай өлеңіне алғашқылардың бірі болып вальс жазды. Бақытқали Мұсабеков өзімен бірге ала келген 5 томдық сөздіктердің әрбір он данасын ауданның 3 орта мектебінің басшыларына және аудан әкімі мен оның орынбасары З.А.Даутоваға сыйлық ретінде тарту етті. Көрермендер осындай аса құрметті қонақтың келгеніне дән риза болды. Бақытқали ағаға аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы нұралықтардың атынан жылы лебізін білдіре отырып иығына шапан жапты да ауданымыздың торқалы тойына, яғни 80 жылдыққа орай шыққан 3 кітапты қоса табыс етті.

Содан соң мәдениет үйінің кіші залында «Қазіргі кезеңдегі топонимикалық зерттеулердің өзекті мәселелері» атты семинар өз жалғасын тапты. Кіріспе сөзін Бақытқали Мұхамедқалиұлы өзі бастап, келесі сөз кезегі Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мәуен Жақинге беріліп, ол «Қазіргі кезеңдегі топонимикалық зерттеулердің өзекті мәселелері» атты баяндамасын оқыды. Нұра ауданының қазіргі Ақ мешіт ауылының бұрынғы атауларының шығу тарихы жөнінде түсірілген видео сюжеттерді және неше түрлі иероглиф, санмен таңбаланған бұрынғы уақыттағы картаны көрсетті.

АЙНҰР НҰРДӘУЛЕТҚЫЗЫ
Суретті түсірген Е.Жүпенев

Шығармалары

«Ана тілің-арың бұл!»

Ерлік елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Өткен күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жүзді бабам тілі сен қалдың. (Мағжан Жұмабаев)

Иә, ана тілінің тағдыры дәл бүгінгідей жаһандану заманы жан алқымнан алып тұрған шақта тіл мәселесі кімді де болсын ойландыратыны анық. Әлем елдерінің қайсыбірін алып қарасақ та ең бірінші қатынас құралы ол – тіл. Тіл – әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа тараған қасиетті құралы. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Себебі: әр ұлттың тілі – оның бақыты, тілегі, тірегі. Ол тарих, ол – мәдениет, ол – өнер, ол – әдебиет. Тауып айтқан бір ауыз сөзге бір қауым ел тоқтаған. Ана тілінің қуаты мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап. Сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Ол атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Ол талай тарих сынынан сүрінбей өтті. Қазақ тілі дүние жүзіндегі ең бай, таза, бейфнелі, өткір, терең, күшті, кең тілдердің бірі болып саналады. Қай ақын мен жыршы тіл жайлы өлең жазбады десеңші.

Қазақ тілінің жанайқайы үнемі заманмен үндес шығып келеді. Тілдің жанайқайын біздер ұқпағанда кім ұғады?! Тіліміздің қадір қасиетін, кеңейтіп, өз үлесін қосып, көгжиегін кеңейткен Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сезімен шұбарламау» деп өз ойын заманмен үндес шығарған. Біз әрбір тәуелсіз, дербес, еркін ойлы Қазақстандық жас ұрпақ Қадыр ағамыздың

Ана тілің-арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте,-дегеніндей біз әрбір жас ұрпақ ең алдымен өзіміздің ана тілімізбен сусындауымыз қажет. Содан кейін ғана қалған тілдерді меңгергеніміз жөн. Біз ата-бабаларымыз тәрізді өзге тілге қарсылығымыз жоқ. Бүгінгі таңда Елбасының дана саясатының арқасында тілдердің ұштұғырлығын елімізге енгізу арқылы әлемді бағындырмақпыз деген ойдамыз. Тек қана бұл жерде аз ғана ұлттың тілі жұтылып кетпес пе екен деген қауіп тұрады. Осыны ойлауымыз керек ағайын. Біздің тіліміз жоғарыда айтып кеткендей «Ана тілі – мақал-мәтелдерімен, өн – күймін, жыр – дастандарымен, эпостарымен,

роман – повестерімен бай». Басқа қай халықтың ақындары таңнан-таңға дейін айтыс өнерімен танылды, тек қана қазақ халқы бұл өнерімен танылған. Біздің тіліміздің үні қай кездерде болмасын өз заманымен үндес, өз уақытымен мұңдас шығып, үнемі халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап келеді. Біз уақытында айтылған сынды дұрыс қабылдап, дұрыс шешім қабылдағанымыз жөн. Әйтпесе кебір шекесінен қараған шенеуіктер бұл мәселені де саяси ойынға айналдырып жүрген сынайы бар.

Туған тіл – мақтанышымыз! Туған тіл – туғырымыз! Туған тіл – айбынымыз, асқарымыз! Біз әлемнің қай түкпірінде жүрсек те біздің өлеміздің мәртебесі мен мерейі өзіміздің ата-дәстүрімізбен, тілімізбен, ділімізбен елшенбек. Осы арқала біз өз туған өлеміздің мәртебесі мен мерейін асқақтата аламыз. Біз өз салт-дәстүрлерімізді туған тілімізбен бірге қайта жаңғырту арқылы Ұаңа Қазақстандық «БРЕНД» жасаймыз деп ойлаймын.

Ал енді бір сәтке неге біздің тіл тағдырымыз осындай деңгейге жетті деп ойлап көрейікші?! Дұрыс ақ, біздің санамызда коммунистік идеологиядан қалған бос орынды жаһандану заманында батыстың бетбақ бағыттары мен жетпіс жыл санамызға сіңген орыс тілі әп сәтте ақ жаулап алды. Ал бұл ойдан арылу үшін біз Ұлттық тіл идеологиясын жасап, бұқара халықтың санасын оятуымыз қажет. Он жастағы жас ұрпақты ана тілімізбен сусындатсақ ол өз жемісін он жылдан кейін береді яғни жиырма жастағы жігіт, не болмаса қыз бала өз елінің өсіп-өркендеуіне ана тілі арқылы үлес қоспақ. Ал осы тіл ғылымын зерттейтін ғалымдар бір ортақ шешімге келу арқылы, қаптап кеткен аудармаларды бір жүйеге келтірсе саяси элита қайда бармақ.

Қош, қорыта айтқанда әрбір Қазақстандық қазақша сөйлей білу керек. Өзге тілді де білу керек. Тек қана ескертін бір жайт - біз өз тілімізді шұбарламай, таза, көркем, әдеби, мәдени тілде сөйлегеніміз жөн. Себебі: халық даналығы «Ана тіліңді ұмытқаның, өз тіліңді құртқаның»,-деп айтқанын естен шығармауымыз керек.

Қуанышбек Мақпал

Киевка №2 қазақ орта мектебі
8 «а» сыныбының оқушысы,
«Өлкетану» үйірмесінің мүшесі

Спорт

Саламатты өмір салтын насихаттаймыз

2008 жылдың қараша айының 6 жұлдызында «Нұра» стадионында Ауған жерінен ескерді шығаруына 20 жыл толуына орай мұғалімдер арасынан баскетбол жарысы болып өтті. Бұл жарысты ауданның спорт бөлімі БЖСМ –мен бірлесіп өткізді. Жарысқа үш әйелдер командасы (№1КОМ,№2КОМ,БЖСМ) және ерлер арасынан бес команда (№1КОМ, №2КОМ, БЖСМ, №3КОМ, Пржевальское орта мектептері) қатысты.

Командалар жеребі бойынша екі топқа бөлінді. Әйелдер арасынан III-ші орынды №2

КОМ, II-ші орынды №1 КОМ, ал I-ші орынды БЖМС жеңіп алды.

Ерлер арасында III-ші орынды Пржевал мұғалімдері, II-ші орынды №2 КОМ, I-ші орынды №3КОМ иеленді.

Женімпаздар мен жұлдегерлер аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің кубогімен,грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Аудандық спорт және денешынықтыру бөлімі

Нұра аудандық Мәслихаты XI сессиясының ШЕШІМІ

«Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне № 8-14-65 болып тіркелген, «Нұра газетінің» 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №53 (5031)санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2008 жылғы 28 наурыздағы 6 сессиясының «Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №94 шешімімен (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-70 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2008 жылғы 7 мамырдағы №19 (5050) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 тамыздағы 9 сессиясының Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, №111 шешімімен (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-79 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2008 жылғы 23 шілдедегі №30 (5061) санында жарияланған), өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Нұра аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 тамыздағы 9 сессиясының Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, №126 шешімімен (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-82 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2008 жылғы 20 қыркүйектегі №37 (5068) санында жарияланған), өзгерістер енгізілген, келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1 тармақтадағы: 1 тармақшадағы: «314674» сандары «1731453» сандарына ауыстырылсын; «312652» сандары «312410» сандарына ауыстырылсын; «524» сандары «933» сандарына ауыстырылсын; «1498» сандары «1331» сандарына ауыстырылсын.
- 8 тармақтағы: «2533» сандары «500» сандарына ауыстырылсын;
- Жоғарыда көрсетілген шешімнің 1, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 21, 23, 24, 26, 27 қосымшалары осы шешімнің 1, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 21, 23, 24, 26, 27 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
- Осы шешім 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы

Д.Баянов
Е.Тұранов

КЕЛІСІЛДІ
ӘБЖБ бастығы

Мұхамеджанова М.С.
2008 ж.

Дела и люди

Экзамены жизни

Действительно, в жизни каждого из нас немало взлетов и падений, счастливых дней и черного горя. Но проходит время, и память стирает, а скорее сглаживает трудные этапы в судьбе каждого из нас. Это и есть жизнь!

Я хочу рассказать о своем друге, товарище по работе – Кайрулле Калиевиче Калиеве, чья жизнь является ярким примером мужества и стойкости, умения держать удары судьбы, о которой трудно представить даже в мыслях. Я хочу рассказать об известном всем человеке, в жизни которого было больше темных страниц, чем светлых. Но что главное, он умеет радоваться этим светлым дням, строит планы, думает о дне завтрашнем.

Родился Кайрулла в селе Ахметауп (Энтузиаст) в 1946-м году. Здесь же учился, рос, но все его детство и отрочество были трудными и не всегда счастливыми. Он очень рано познал труд, еще с юности его всегда тянуло к тракторам и комбайнам. Не могу не вспомнить об одной публикации в районной газете того времени. Статья называлась «Наперекор стихии», а написал ее журналист Александр Сошкин.

...В совхозе «Энтузиаст» в начале апреля начали перегонять технику в бригады, так сказать, выставлять на линейку готовности. С последним трактором ДТ-75 ехали трое механизаторов, из них два брата, жена одного из них, находящаяся на последних днях беременности, да угловатый семнадцатилетний парень. Переезжая реку Соленая, которая вышла из берегов, трактор ближе к середине заглох. А вода тем временем прибывала все быстрее, выгнав всех четверых спутников из кабины на крышу. Тяжелые льдины бились о трактор все чаще и сильнее, безжалостно раскачивая его. Женщине совсем стало плохо, нужна была срочная помощь. Ну, как на грех, ни один из взрослых мужчин не умел плавать. Тогда молодой парень, раздевшись, скользнул в стылую воду. Течение было сильным и его сносило от заветного берега. С большим трудом он одолел расстояние в 15-20 метров до берега. Брошенная с трактора одежда, частично упала в воду и, намокнув, сильно холодила обледеневшее тело. Не согрелав его даже быстрый бег. Мокрый и обледеневший, он добрался до полевого стана, пробежав более 7-ми километров. Подмога пришла вовремя, потому что уже нетронутой водой осталась только крыша трактора.

Как сложилась судьба этих людей? Супруги, после благополучного рождения ребенка уехали из совхоза «Энтузиаст». Двое других и поныне живут в этом селе. А самый молодой паренек, всем известный и уважаемый человек, прошедший большую жизненную школу – и есть Кайрулла Калиевич.

Один из передовых механизаторов совхоза

«Энтузиаст», познавший труд с раннего детства, Кайрулла Калиев работал секретарем комсомольской организации совхоза, был членом райкома комсомола, делегатом съезда комсомола Казахстана. В 24 года его избирают председателем Жараспайского сельского Совета, а через год он был избран вторым секретарем райкома комсомола.

Хороший организатор молодежи, имеющий богатый опыт в хозяйстве и просто надежный товарищ – вот основные качества Кайруллы Калиева 70-80 годов. В последнюю же жизнь Кайрулла Калиевич работал секретарем парткома совхоза им. Куйбышева, а затем вернулся в родное село в качестве председателя Степновского сельского Совета.

Все было хорошо, уважение сельчан, авторитет среди руководителей районного звена – что еще нужно для жизни. Но она почему-то не всегда благосклонно относилась к нему. В первом случае – наезд автомашины, а во втором – авария ухудшила здоровье, внесли свои коррективы. Но никакие невзгоды не смогли сломить его. Председатель сельского Совета сам садился за штурвал комбайна в уборочную страду и творил чудеса. За свою трудовую деятельность в качестве комбайнера он намолотил несколько тысяч тонн зерна.

В жизни Кайрулле Калиевичу приходилось держать удары не только от автомашин, больно бьют те, кому веришь.

А дома любимая и любящая жена Ляззат, растут дети. Старший сын Кайрат пошел по линии защитника правопорядка, сегодня он полковник полиции, начальник криминальной полиции столицы нашей республики Астаны. Много седых волос, морщин на лице и рубцов на сердце супругам Калиевым принесла судьба второго сына. Поистине, немало пришлось испытать в жизни Кайрулле Калиевичу и особенно то, когда предавали друзья и товарищи, когда в трудную минуту не протягивали руку помощи, когда обещания предавали забвению.

Сегодня он пытается справиться с новым недугом, видимо пережитое не прошло даром и откликнулось инсультом. Но рядом всегда заботливая супруга, навещают сын и дочь, радость доставляют внуки. В них вся радость в них будущее, ради чего и живет их бабушка, которого судьба достаточно испытала на прочность.

Несмотря ни на что, Кайрулла Калиевич был, есть и остается честным, уважаемым человеком, выходя из любых передряг победителем. Он никогда не жалуется, что не все получается как надо и все экзамены своей жизни сдает на «отлично». В этом и заключаемая вся жизненная позиция этого благородного человека.

П.Назаркин Караганда

Түзету

Газетіміздің № 46 санында «Диқанның еңбегі - ауданның ырзығы» атты мақалада, И.Дильман аталмыш ұжымға 100 мың теңге тапсырды деп оқылсын.

К сведению жителей поселка Киевка

